

Бекетова
21 жылда
15 наура 2021

«Нұрбебек» мектепке дейінгі ұйымы

«Елімнің еркіндігі тәуелсіздік»

(ертеңгілік)

Орындаған

Тәрбиеші: Ж.Бекетова

2021 жыл

Тәуелсіздікке - 30 жыл!

Ертеңгілік тақырыбы: «Елімнің еркіндігі тәуелсіздік»

Мақсаты: Балалардың отаны, рәміздері, елбасы, желтоқсан оқиғасы, тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тақпак айтып, сахналық көріністерді көрсету арқылы еліне, жеріне, отанына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

Еліміздің тәуелсіздігіне орай өткізілетін тәрбие сағатына қолдарына жалаушаларын ұстап музика ырғагымен балалар залға қол ұстасып билеп кіреді. Соナン соң КР әнұраны орындалады. Зал тақырыпқа сай безендірілген.

Тәрбиеші: Құрметті «Нұрбебек» мектепке дейінгі үйымының ұжымдары және бұлдіршіндері, бүтінгі 16 желтоқсан тәуелсіздік күні мерекесіне арналған «Елімнің еркіндігі тәуелсіздік» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Рәміздерім – елдігімнің белгісі,

Білу керек бала – дағы ең кіші.

Рәміздерім – әнұран, көк ту, елтанба,

Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

Тәрбиеші: Балалар біздің отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан

Тәрбиеші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Тәрбиеші: Балалар бүтін міне тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің президенті кім?

Балалар: Қасым Жомарт Тоқаев

Тәрбиеші: Еліміздің ел ордасы кай қала?

Балалар: Нұрсұлтан

Тәрбиеші: Нұрсұлтан қандай қала?

Балалар: Нұрсұлтан – бас қала, әдемі, үлкен қала

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар балалар, енді отан туралы тақпақтарындағы айтындар.

Жұбаныш Әбілмансұр

Отан-жерім, Отан-сұым,

Отан қуат, нәр береді.

Отан-ұран, отан-туым,

Отан мәңгі гүлденеді.

Байнияз Бексұлтан

Куат алған өзінен,

Тұған елдің ұлымын.

Бақытты етіп өсірген,

Отанымның гүлімін.

Шилібек Дінмұхамед

Мереке бүтін ұлы күн,

Бабалар рухы көксеген.

Азатты елдің ұлымын,

Теңескен тәбсем көкпенен.

Ән: «Қарлығаш»

Тәрбиеші: Балалар біз бүгін тәуелсіздік алған күнімізді мерекелеудеміз. Біздің еліміз тәуелсіз болғандыктан өз мемлекеттік әнұранымыз, елтаңбамыз бар.

Балалар біздің мемлекеттік туымыздың түсі қандай екен?

Балалар: Туымыздың түсі - көк.

Тәрбиеші: Иә, ете дұрыс.

Ал енді балалар, рәміздерге байланысты тақпактарымызды айтайык.

Сәрсенбай Жанел

Елтаңбасы елімнін,
Неткен әйбат, әдемі!
Тұнығындақ көңілдін,
Ортада-аспан әлемі.

Нұрханқызы Шамшынаар

Көк аспандай кекпенбек,
Қазақстан жалауы.
Көк емес ол тектен-тек,
Елдің ашық қабагы.

Бақыт Элинүр

Тәуелсіздік жолында,
Талай-талай тер тамған.
Билігім өз қолымда,
Еркіндігім – елтаңбам.

Бердібек Козайым

Аспанымдай мөлдірмін,
Жайлауымдай жазықпын.
Өзенімдей өршілмін,
Гүлдерімдей нәзікпін.

Ән: «Балабакша»

Марат Санжар

Желтоқсанның ызғары – ай,
Кірпікке қатқан мұздары – ай.
«Елім-ай» деп егілген,
Қаһарман ұлдар, қыздар-ай.

Қонысбекқызы Алтынайым

Тәуелсіздік-ел болу,
Ынтымакпен өрге өзу.
Еркін және өзге елмен,
Терезесі тәң болу.

Туган халкымыздың тарихын ,батыр ұл-қыздарымыздың ерлігін,жеріміздің байтақтығын,байлығын ақын агаларымыз жырлап келеді.Сол жырларды жаттап, кекейге түйіп, елімізге лайыкты азамат болып өсуге міндеттіміз,басқаша болуга біздің құқығымыз жоқ,бүгінің бақытты күніміз үшін қаншама ерлер тер текті, жанын қиды.Сол батырларымыздың армандаған үрпагы біздің білімді дені сау Отанымыздың лайыкты ұл-қызы болып өсуі қажет. Апа – агаларымыздың қайталанбас ерлігіне тәгзым етеміз. Осымен құрметті ұжымдастар ересек тобының дайындаған «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты ертенгілігіміз аяқталды.



